



2020-2021 жылдарға арналған Шымкент қаласындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 10 маусымдағы № 347 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 маусымда № 108 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңының 8-бабының 1-тармағының 20-5) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2020-2021 жылдарға арналған Шымкент қаласындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) осы қаулы ресми жариялағаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары А. Мамытбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрлігі

Шымкент қаласы әкімдігінің
2020 жылғы "10" маусымдағы
№ 347 қаулысына қосымша

2020-2021 жылдарға арналған Шымкент қаласындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі

Топтар атауы	№	Жазғы олимпиадалы			
--------------	---	----------------------	--	--	--

		Олимпиадалық емес спорт түрлері	Қысқы спорт түрлері	Қысқы олимпиадалық спорт түрлері	Паралимпиадалық спорт түрлері	Ұлттық спорт түрлері
"А" тобы	1	Пауэрлифтинг	Жеңіл атлетика	Фристайл	Еркін күрес	Қазақ күресі
	2	Кикбоксинг	Стенд ату	Шорт-трек	Жүзу	
	3	Армрестлинг	Бокс		Жеңіл атлетика	
	4	Ушу	Дзюдо		Футбол	
	5	Белбеу күресі	Спорттық гимнастика		Грек-рим күресі	
	6	Шахмат	Таеквондо WTF		Шахмат	
	7	Джиу-джитсу	Байдарка мен каноэда есу		Үстел теннисі	
	8	Дойбы	Жүзу		Шағын футбол	
	9	Грэпплинг	Көркем гимнастика			
	10	Самбо	Каратэ WKF			
	11	Каратэ-до шотокан	Еркін күрес			
	12		Нысана көздеу			
	13		Үстел теннисі			
"В" тобы	1	Муай-тай	Футбол	Конькимен мәнерлеп сырғанау		Тоғызқұмалақ
	2	Шағын футбол	Қол добы			
	3	Әмбебап жекпе-жек	Ауыр атлетика			
	4		Грек -рим күресі			
	5		Садақ ату			
	6		Баскетбол			
	7		Классикалық волейбол			
	8		Әйелдер күресі			
	9		Семсерлесу			
	10		Велосипед спорты /трек/			
			Батуттық гимнастика			

"С" тобы	1	Футзал	Бадминтон	Шайбалы хоккей		Асық ату
	2	Кекушинкай каратэ	Теннис			
	3	Жағажай футболы	Триатлон			
	4	Акробатика	Регби			
	5	Ж а з ғ ы биатлон	Спорттық құзға өрмелеу			
	6	Президенттік көпсайыс	Жағажай волейболы			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК